

**"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 474 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін мынадай нормалар мен лимиттер:

Қор резервінің есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарына есептелетін ең төмен мөлшері провизия мөлшерінің кемінде он пайызы мөлшерінде. Қор қызметінің нәтижесінде болуы мүмкін тәуекелдерді жабу үшін қалыптастырылатын және оның қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін Қор резерві Қордың активтері мен провизиясының айырмасы ретінде айқындалады;

Қордың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған банктік шотындағы ақшаның ай сайынғы инвестицияланбайтын қалдығының есепті айдан кейінгі айдың басындағы ең төмен мөлшері есепті айдың алдындағы айда Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген әлеуметтік төлемдер сомасының бір жарым еселенген мөлшерінен кем емес, бірақ 100000000 (бір жүз миллион) теңгеден төмен емес мөлшерде белгіленсін.

2. Қор провизияларды Қордан алушыларға төленетін болашақ әлеуметтік төлемдердің келтірілген құны ретінде актуарийлік есеп-қисаптарды пайдалана отырып, жыл сайын айқындайды.

3. Осы қаулы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*